

ОРИЕНТАЛИЗМ

Европа әдебиетіндегі (поэзиядағы)
«Басқаның» образы





Мақсаты: Европалық авторлардың Шығыс жайлы туындыларының (поэзия) ерекшеліктерімен танысу.

Саид өз еңбегінде былай дейді: «Шығысты зерттеген ғалымдар әрқайсысы оны өзіне «лайықтап», яғни Батыстың мүддесі тұрғысынан сипаттағандықтан, тіл мамандары үшін «лингвистикалық Шығыс», «Фрейдтің Шығысы», «Шпенглердің Шығысы», «Дарвиннің Шығысы», «Расистік Шығыс» пайда болды дей келе, осы құбылыстың әдебиетте де қайталанғанын айтады: «Уильям Бекфорд, Байрон, Гёте және Гюго» сияқты авторлар Шығысты өздерінің шығармашылығы арқылы қайта құрып шықты (репрезентациялады) және оның бояуларын, оттарын және адамдарын өздерінің образдары, ритмі және мотивтерінің сүзгісінен өткізіп барып көрсетті» дейді. Ең ары дегенде Шығыс авторға ой салды, көзқарас тудырды, алайда оны қалыптастыра алмады».

Біз өткен дәрісімізде әдебиеттегі Шығыс образы тақырыбында тарихи роман мен саяхатшылар жазбасындағы Шығысқа тоқталған болатынбыз. Бүгін осы тақырыпты жалғастыра отырып, Шығыс жайлы поэзияның ерекшеліктерін қарастырамыз.

Шығыс жайлы қандай батыс авторларының арасынан кімдер және не жазды? Қалай жазды дегенде есімі бірінші аталатын автор атақты неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гёте (1749–1832).

Гёте тек ақын ғана емес, драматург, әдебиеттанушы, тарихшы және философ, ғалым, әрі мемлекет қайраткері ретінде танымал.

Гёте есімі әдетте әдебиетте оның атақты «Фауст» трагедиясымен қоса аталады. Оның осы салалардың барлығында жазылған аса мол мұрасының қатарында (West-ostlicher Divan) «Шығыстық-Батыстық Диуан» ерекше орын алады. «Диуан» парсы сөзі, «жазба, тізім, кеңсе, жинақ» мағыналарын береді, бұл жерде Гёте «әдеби жинақ» мағынасында қолданған.

Гётенің бұл туындысы ең алдымен Батыс пен Шығыстың әдеби дәстүрлерін бірдей қамтыған шығарма екенімен ерекшеленеді. Жинақтың атауындағы «Батыс-Шығыс» тіркесі Германия мен Таяу Шығыстың арасындағы байланыс қана емес, сонымен қатар латын және парсы мәдениеттерінің, сондай-ақ христиан және мұсылман мәдениеттерінің қарым-қатынасын анықтайды. Жинақ тарихи аллюзияны, саяси және діни поэзияны, аңыз, әфсаналарды, мысал өлеңдерді қамтитын он екі кітаптан тұрады. Олардың барлығының идеясы біреу – ол Батыс пен Шығысты жақындастыруға ұмтылыс.

Саид нақты осы шығарма туралы былай дейді: «немістердің Шығыс жайлы еңбектерінің арасында анағұрлым танымал екі еңбек Гётенің (West-ostlicher Divan) «Шығыстық-Батыстық Диуаны» мен Шлегельдің («Über die Sprache und Weisheit der Indier») (Үнділердің тілі мен даналығы жайлы) еңбектерінің Рейн өзеніндегі саяхаттар мен Париж кітапханаларында өткен уақыттардың ретроспективасы болып шығуының өзіндік мәні бар. Неміс шығыстану ориенталистік мектебінің артықшылығы империялық Британия мен Франция тура мағынасында Шығыстан жинап алған мәтіндерді, мифтерді, тілдер мен идеяларды зерттеу әдістерін нақтылап, дамытқанында жатыр».

Саид Гётенің бұл жерде Франция мен Британия Шығыс жайлы ғылым үшін жинаған материалды Гёте мен Шлегель әдебиетте көркем тілде сөйлетіп түсіндіріп берді дейді.

Гётенің «Диуаны» 1814–1819 жылдар аралығында жазылған.

Гёте Шығыс әдебиетімен жасының ұлғайған шағында танысып, одан алған әсерінің күшті болғаны соншалық, өзінің өмір бойы жазғандарына күмәнмен қарай бастағанын айтады. Гёте үшін Шығыс поэзиясы мүлде бөлек, таңғажайып әлем болып көрінеді, сол арқылы бұл әлем Гётені бірден өзіне тартып алады, ол бұдан кейін Шығыс әдебиетіне үлкен құрметпен қараған. Гёте өз шығармашылығында Шығысты бес мәдени аймаққа немесе тақырыпқа бөліп қарастырады, олар:

- өзі бала күнінде танысқан Библия (Інжіл) және иуда әлемі;
- араб Шығысы, оған «Муаллақат» аталатын араб поэзиясының атақты жеті таңдаулы поэмасына жазған сипаттамасы куә болады;
- үшіншісі – Персия, Гёте үшін ерекше ыстық, жанына жақын аймақ;
- төртінші мәдени аймақ – Қытай;
- және бесіншісі – ол Үндістан.



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 15. Европа әдебиетіндегі (поэзиядағы) «Басқаның» образы

Германияның шығыстанушы ғалымы Альфред Курелла атағандай Гёте бүкіл әлем әдебиетінде алғаш рет «Диуанға» берген түсініктемесінде «Шығыстың атақты жеті шайыры» ұғымын енгізген. Оларды кейде «Шығыстың жеті жұлдызы» деп те атайды. Гётенің бұл жаңалығы тек неміс шығыстанушылары тарапынан ғана емес, басқа да барлық елдердің мамандары, әдебиетшілері тарапынан қолдау тауып, бүгінгі күні әбден бекіп қалыптасқан ұғым. Гёте атаған «Шығыстың атақты жеті шайыры немесе жұлдызы» қатарында Фирдоуси, Хафиз, Низами, Саади, Анвари, Руми және Жами бар. Гёте олардың сыр мен сезімге толы лирикасымен танысқан соң тек Шығыс поэзиясына ғана емес, жалпы Шығыстың өзіне қатты қызығушылық танытып, оған себепкер болған ақындарды осылай атаған. Шығыс поэзиясынан өте үлкен әсер алған Гёте Хафизді өзінің ұстазы деп, ал Жамиді «ең соңғы ұлы парсы ақыны» деп атайды.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы да өзінің өлең әлеміне қадамын шығыс поэзиясынан бастаған, Абай да өзіне шабыт берген Шығыстың жеті ақынын атайды:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз бу һәммаси
Мәдәт бер я шағири фәрияд, –
деп бір жағынан олардан бата сұрайды.

Жалпы әдебиет теориясы тұрғысынан қарастыратын болсақ, Гётенің «Диуанын» әр қырынан талдауға болады, ал біз Гётенің Шығысты, Шығыс колоритін қалай танып, оны батыс оқырманына қалай жеткізгеніне көңіл аударуымыз қажет. Гёте өзі осы жинағы туралы былай дейді:

«Бұл жапырақ маған Шығыстан келді. Менің қарапайым бағыма келіп қосылды. Байқаған жанға оның құпия мағынасы бар» деп өзімен бірге оқырманын да қызықтырады. Себебі Шығыс Гёте үшін тарих пен мәдениеттің асыл қазынасын сақтаған бір құпия сандық болып көрінеді және ол құпия өткенде қалып қоймай уақыт атты жетекшінің қолында көрінбейтін бір желі арқылы әлі жер бетінде жалғасып келе жатыр. Ол енді неміс жеріне де келіп жетті дейді. Гёте «Шығысты Құдай жаратты» деп бекітеді.

Ұлы Хафиздің өлеңдерін неміс тілінде сөйлете отырып, Гёте оған еліктемейді, керісінше оның ізімен жүреді, сол арқылы неміс поэзиясында бұрын болмаған жаңа қадам жасайды.

Хафиздің поэзиясы Гёте үшін жалпы алғанда Шығыстың тарихын ашып берген қақпа болады. Хафизді оқығанда ол «Мен таза ауаға шығып тынысым кеңіді» дейді. Ақынды тек экзотика немесе алыс аймақтың әдемі табиғаты ғана қызықтырып қоймайды, ақын сол аймақта сақталып қалған жалпы адам баласы үшін маңызы бар образды, көпғасырлық халық даналығын іздейді. Осы себепті Гётенің лирикасына шығыс образы, сенімдері, дүниетанымынан тұратын тұтастай бір әлем келіп енеді. Сондықтан да шығыс халықтарының тұрмысы мен ғұрыптары Гётенің жинағында соншалықты ашық, жарқын, жанды кейіпте бейнеленеді. Данагөй қария, шайханашы, әскер, наубайшы сияқты халық образы, Мұхаммед пайғамбар, Фатима сияқты билік образдары сол қалпында оқырманның көз алдына келеді. Олардың әрқайсысы Гёте үшін Шығыстың айнасы, тарихтың бөлшегі ретінде «толыққанды образдар» болып табылады.

Гёте жинақта Хафиздің жолымен ұлы тұлғалармен сөйлеседі, сол арқылы тарихты жаңғыртады. Олардың рухани әлеміне ене отырып, олардың табиғаты мен тұлғасын танытатын сезімі мен жан дүниесін ашып көрсетеді. Олардың қатарында Фирдоуси мен Руми туралы айта келіп «олар бізден жасы жағынан үлкен болса да мәңгі жаңа, жас» деп жазады.

Гёте Шығыс жайлы жаза отырып оны әр қырынан тануға, сол арқылы оны батыс оқырманына танытуға ұмтылады. Жинақтан үлкен орын алатын тақырып ол махаббат, сүйіспеншілік тақырыбы. Рүстем мен Рудаба, Жүсіп пен Зылиха, Фархад пен Шырын, Ләйлі мен Мәжнүн, Жамиль мен Бусейна жұптарының бірде ыстық сезімге, бірде қайғыға толы махаббатын жырлау арқылы араб және парсы поэзиясының ең сыршыл, ең нәзік үлгілерін жеткізіп береді.

Шығыс жайлы толғана отырып Гёте тағы бірде адамгершілік, парасат, әділдік негіздерін іздейді. Оны ол қасиетті кітап Құраннан табады. Ол «Кітаптардың кітабы – Құранмен» нағыз «мұсылманмын» деп толғанады. Бұл жерде оның Құран кітабына құрметі айқын сезіледі, оның мазмұнымен жақын таныса келе Гёте былай дейді:



«Егер Ислам Аллаға мойынсұну болса, бәріміз де Исламда өмір сүріп, Исламда өлеміз. Бір Аллаға деген сенім әр уақытта рухыңды биік етеді, өйткені ол адамның рухани тұтастығының өлшемі болып табылады. Біз бүкіл адамзат баласына нұр шашқан киелі Құран түскен Мұхаммед пайғамбарға қарыздармыз. Біз Европа халықтары мәдениетіміздің айрықша дамығанымен Мұхаммед пайғамбардың ұлылығының ең бірінші сатысында ғана тұрмыз. Оған еш күман тудыруға болмайды және бұдан кейін де ешкімнің аса алуы мүмкін емес». Бұған басқа не алып-қосуға болады? Гёте бұл жерде Құранды мойындап, Мұхаммед пайғамбарды түсініп қана қоймайды, Европа халқына Исламның не екенін айтып түсіндіреді. Бұл оның Шығысқа, Ислам дініне деген құрметі мен сүйіспеншілігінің тағы бір көрінісі.

Гётенің «Шығыс-Батыс Диуанында» айтылған біз көңіл бөлетін бір тақырып ол ақынның өмір Темірдің тұлғасына назар қоюы.

Атақты қолбасшы Темір жайлы сөз еткенде Гёте оның 1404–1405 жылдары Солтүстік Қытайға жасаған жорығы туралы баяндайды. Өткен тарихқа көз сала келіп, ақын нақты фактілер мен оқиғаларға, өмірде болған адамдар жайлы айтады. Темірді ол Александр Македонскиймен және Шыңғыс ханмен салыстырады.

Шынайы тарихи образдарды бере отырып, Гёте Александр Македонский туралы жүздеген жылдар бойы нақты мәлімет емес, аңыз әңгімелер айтылып келе жатқанына қынжылады. Бір жағынан оның ерлігі мен батылдығы, көрегенділігі мен тектілігі жайлы әңгімелер оның шамадан тыс ұлылығын таныту үшін айтылған десе, екінші жағынан Гётенің өзі де оны «Әлемнің жарқын айнасы!» дейді. Дегенмен сол айнада Гёте Александр Македонский де тура тарих майданына кейіннен шыққан Шыңғыс хан мен Әмір Темір сияқты қатігез қолбасшы, қанішер басқыншы болған дейді. «Иә, Александр кім еді? Ол да жүз халықты бір апанға тоғытқан жауыз» дейді. «Диуан» жинағында Батыс пен Шығыстың тарихи тұлғалары да бір-бірімен қатар айтылады.

Гёте «Gottes ist der Orient! Gottes ist der Okzident! – Құдіретті Шығыс! Құдіретті Батыс!» деу арқылы әлемнің бұл екі бөлігін біріне-бірі қарсы қоймайды, керісінше екеуінің де бірдей ұлылығын мойындап, бір қатарға қояды.

Бұл Гётенің Шығысқа көзқарасы. Ал Гёте неміс халқының ұлы ақыны. Қазақ халқы үшін Абай қандай дана, дара болса, Гёте неміс халқы үшін сондай тұлға. Батыс Шығыс туралы Гётенің шығармаларын оқу арқылы Шығыс жайлы тек жағымды әсер алды деуге болады.

Саидтің өзі де «Ориентализмде» осыны мақұлдайды, нақтылай кетсек былай дейді: «Ориентализмнің қуаты мен масштабының өзі Шығыс туралы нақты білімнің мол қорын жинақтап қана қойған жоқ, сонымен бірге екінші кезектегі білімді де тудырды, ондай білім құпия Шығыстың мифологиясы, «шығыс ертегісі» сияқты салаларда жасырын жатыр. XIX ғасырдың ірі жазушыларының басым бөлігі Шығысқа табына отырып шабыт алды. Сондықтан ориентализмді әдеби жанр деп те санауға болады деп ойлаймын, оны Гюго, Гёте, Нерваль, Флобер, Фитцджеральд және т.б. көптеген авторлардың шығармаларынан көруге болады».

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Шығыс жайлы Батыстың қандай ақындары (өлең, поэма) жазды?
2. Иоганн Вольфганг Гётенің Шығыс жайлы жазуына не әсер етті?
3. Шығыс жайлы жазған қандай шетелдік ақындарды білесіз?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Гётенің «West-ostlicher Divan» шығармасының мазмұнымен танысыңыз.
2. «Шығыстың атақты жеті шайыры немесе жұлдызы» аталатын Фирдоуси, Хафиз, Низами, Саади, Анвари, Руми және Жамидің өлеңдерімен танысыңыз. Олардың Шығыс жайлы ойын анықтауға тырысыңыз.
3. Гёте мен Шығыс ақындарының өлеңдерін салыстырыңыз.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **15. Европа әдебиетіндегі (поэзиядағы) «Басқаның» образы**

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Саид Э., Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. <https://www.labyrinth.ru>.
4. <https://www.goodreads.com/-west-ostlicher-divan>.